2025–2026 оқу жылындағы «Машина жасау және стандарттау» кафедрасының
САПА САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР

Мақсаттың мазмұны	Мақсатқа жету критерийлері
1 Басқарушылық	Кафедраның 16 отырысы өткізілді, онда барлық жоспарлар, оның ішінде кафедра ПОҚ еңбек тәртібі бойынша мәселелер қаралды және шешілді,. Кафедраның бес оқытушысы шетелде, Мәскеу қаласындағы «СТАНКИН» ММТУ - да біліктілігін арттырды.
2 Оқу және әдістемелік	Компьютерлік технологиялар кафедраға бекітілген барлық пәндер бойынша (100 %) қолданылады. Білім алушылардың сабаққа қатысуы 90 %, үлгерімі 80% деңгейінде. 2 оқу құралы жарық көрді: металл кесетін құрал - жабдықтар және пайдалану негіздері. (авторлары: Касенов А.Ж., Итыбаева Г. Т., Мусина Ж. К., Таскарина А. Ж., Искакова Д. А., Абишев К. К., Маздубай А. В.); ANSYS бағдарламасындағы инженерлік жобалау (авторлары: Сапинов Р. В., Мусина Ж. К.). Оқытушылар 7 өзара сабақтар және 17 ашық сабақтар өткізді. Топтарда бейресми оқыту. Барлық топтардың студенттері Ai-sana, Coursera, Huawei платформаларында онлайн курстардан өтті. Ұсынылған сертификаттарға сәйкес білім алушыларға кейбір пәндердің бағаларына есептелді. 2025-2026 оқу жылында дуальды оқытуды ұйымдастыру және іске асыру шеңберінде бұйрықтар мен шарттарға сәйкес «KSP Steel» ЖШС, «ERG Service» ЖШС, «Қазақстан алюминийі» АҚ, «ESKORIAL INDUSTRY» ЖШС, «Энерго Спецстрой» ЖШС, «Қазақстандық электролиз зауыты» АҚ кәсіпорындарында 23 адам дуальды оқытудан өтті, «ПРОММАШ KZ» ЖШС, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС, «Еуроазиялық энергетикалық корпорация» АҚ, «Еуразиялық механикалық зауыт» ЖШС 6В07151 «Машина жасау және реверс-инжиниринг» инновациялық ББ (инновациялық ББ) іске асыру шеңберінде 1, 2 және 4 курстардың 14 білім алушысы 2025-2026 оқу жылында «Railways Systems KZ» ЖШС, оқу орталықтарында «ЧПУ станоктарының операторы» - микроквалификациясын алды. «ПРОММАШ.KZ», Екібастұз қ.; «RWS – University» ЖШС, Екібастұз қ.; «Нұр-мастер-Самұрық» ЖШС-нің ЦПО. Академиялық белсенділікті іске асыру шеңберінде: 6В07151 «Машина жасау және реверс-инжиниринг» ББ МСиРИ-302 тобының білім алушысы Радченко Д. А., 26.09.2025 жылдан 24.02.2026 жылға дейін Лодзь техникалық университетіне (Lodz University of Technology, TUL), Лодзь қаласына, Польша Республикасына оқуға жіберілді; ССМ-201 тобының білім алушылары: Ақан Б.А., Сәбитханов А. С., ССМ-301 Нұржанұлы Қ., Иманшәріп М. С., 6В07501 - Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша), 6В07151 «Машина жасау және реверс – инжиниринг» білім беру бағдарламасы, МСиРИ-202(с) тобының білім алушысы Қабдымали Д. Т., 01.09.2025 ж. 25.01.2026 жылға дейін Ташкент мемлекеттік көлік университетіне, Ташкент қаласына (Өзбекстан Республикасы) оқуға жіберілді. 2026 жылдың мамыр айында «Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде», Алматы қаласында ҚР жоғары оқу орындарының студенттері арасында В064 «Механика және металл өңдеу» білім беру бағдарламалары бойынша XVIII республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңі өтті. Олимпиадаға 6В07151 – «Машина жасау және реверс инжиниринг» білім беру бағдарламасының МСиРИ - 302 тобының білім алушылары Каримов Ж. С., Радченко Д. А. және Чернов Н. В. қатысты, жетекшілері аға оқытушы Кусаинов Р.Б. Каримов Ж. С. III орын алып, жүлдегер дипломымен марапатталды. Қалған қатысушылар университеттің республикалық деңгейде белсенді қатысқаны және лайықты өнер көрсеткені үшін алғыс хаттар алды. Олимпиадаға қатысу студенттерге кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға, басқа жоғары оқу орындарының білім алушыларымен тәжірибе алмасуға және ғылыми-техникалық қызметке қызығушылықтарын нығайтуға мүмкіндік берді.
3 Ғылыми	2025-2026 оқу жылы ішінде гранттық тақырыптар бойынша ғылыми жұмыс жүргізілді: «Ресурс - энергия үнемдейтін, металл кесетін құралдардың триботехникалық сипаттамаларын зерттеу», «ҚР экономикасының өңдеуші салаларын аспаптық қамтамасыз ету іс-шараларының кешенін әзірлеу», ғылыми жетекші А. Ж. Қасенов; «Үрдісті модельдеу және кесу режимдерін оңтайландыру

Мақсаттың мазмұны	Мақсатқа жету критерийлері
	арқылы өңделуі қиын материалдарды жоғары жылдамдықпен фрезерлеудің сапасын зерттеу және арттыру», ғылыми жетекшісі Түсіпова С. О. 61 мақала жарияланды, оның ішінде SCOPUS – 10, БҒСБК – 18, шетелдік конференцияларда - 3; отандық конференцияларда-25; патенттер, куәліктер – 5. Кафедра оқытушыларының жетекшілігімен білім алушылардың жарияланымдар саны – 37. 2025 жылдың желтоқсанында 8D07101 – Машина жасау ББ бойынша Луб Т.Л. философия докторы (PhD) дәрежесі берілді - (ғылыми жетекшілері профессор А. Ж. Қасенов, профессор Ж. К. Мусина). Білім алушылар ТОУдың 65 жылдығына арналған «XVII Торайғыр оқулары» және «XXVI Сәтпаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми - практикалық конференцияларға қатысты, конференция қорытындысы бойынша жеңімпаздарды марапаттау өтті. I дәрежелі диплом - Жолжаксинов Д.С.; I дәрежелі диплом - Еркібай, Д., Шаймағанбет А.; II дәрежелі диплом –Сағандықова А., Айғожина А.; II дәрежелі диплом - Оспанова А.; II дәрежелі диплом - Васильченко Н. Ю. (жетекшісі Новоселова Е. А.); III дәрежелі диплом - Прокопец А.; III дәрежелі диплом - Дайырбек А.С Кафедра студенттері «Digital Science Challenge» қорытындысы бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін III дәрежелі дипломмен марапатталды. МСиРИ-302 тобының студенті Радченко Д. Есенов атындағы стипендиямен (YESSENOV SCHOLARSHIP) үздік жетістіктері мен үлкен болашағы үшін марапатталды.
4 Тәрбиелік	Кураторлық жұмыс тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жүргізілді. Білім алушылар «Денсаулық күні» іс-шараларына, машина жасаушылар күніне және Дүниежүзілік стандарттар күніне арналған командалық конкурстарға белсенді қатысты, ССМ-401 тобы start-up жобасының «Startup Battle» конкурсына қатысты, Ж. Аймауытов атындағы Қазақ музыкалық-драмалық театрына барды. ҚР «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» заңының талаптарын іске асыру шеңберінде киберқылмыс бойынша, құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша 1-4 курстар топтарында жиналыс - әңгімелер өткізілді. Наурыз айында «Наурыз мейрамы» мерекесін атап өтті. Кафедра білім алушылары фойені безендіруге, дастарханды жаюға белсенді түрде ат салысты. Балтабаева Д. ССМ-302, Думашева И. - ССМ-301 бауырсақ - патиге қатысып, «Алтын бауырсақ» дипломымен марапатталды. 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған іс - шара өткізілді. 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған ұлттық тағамдар мен ұлттық киімдер байқауы өтті.
5 Шаруашылық	Кестеге сәйкес КЕАҚ «Торайғыров университеті» кафедраларға бекітілген аумағының тазарту жұмыстары жүргізілді. Өтінім бойынша білім беру бағдарламалары үшін 57 472668,4 тнг сомасына ҒЗЖ м/б және х/ж бойынша оқу жабдықтары сатып алынды.
6 Маркетингтік және кәсіптік бағдар беру	ПОҚ жұмыс жоспарына сәйкес кафедралар қала мен облыстың мектептері мен колледждерінде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізді, Ашық есік күндеріне қатысты, кәсіпорын басшыларын түлектермен кездесуге шақырды. 2025 жылы мемлекеттік білім беру гранты бойынша мемлекеттік тілде оқытатын топтарға 23 студент қабылданды.; орыс тілінде оқитын топтарға - 62 студент; орыс тілінде оқитын - 4 магистрант; орыс тілінде оқитын - 2 докторант.

Кафедра отырысында талқыланды және мақұлданды (10.09.2026 жылғы № 2 хаттама).

«Машина жасау және стандарттау»
Кафедарсының меңгерушісі **Ж. Мусина**

Келісілді:
Декан **А. Жунусов**

UNITED REGISTRAR OF SYSTEMS URS ISO 9001